

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 (колданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министріне екі вице-министрі болуына р ұ қ с а т е т і л с і н .

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.*

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы

N 1 1 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің негізгі міндеттері:

мемлекеттік бюджеттің атқарылуы, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, темекі өнімдерінің, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен оның айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, сырттан байқау, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оналту рәсімдері, мемлекеттік меншікті басқару, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды  
қ а м т а м а с ы з е т у ;

мемлекеттік бюджеттің атқарылуы, бюджеттік есепке алу, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, темекі өнімдерінің, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен оның айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, сырттан байқау, мемлекеттік меншікті басқару, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оналту рәсімдері, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит саласындағы салааралық үйлестіру мен әдістемелік басшылық жасау болып табылады.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 333 қ а у л ы с ы м е н .*

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Қазынашылық комитеті, Кедендік бақылау комитеті, Салық комитеті, Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

4. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Министрліктің қазынашылық органдарында шоттары және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде , Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда өзге де шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер ол заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының  
Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы,  
1 1 .

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.22. N 1063  
қаулысымен .*

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
" мемлекеттік мекемесі .

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен ғана  
жүзеге асырылады .

Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау  
тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым  
салынады .

Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті  
жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер  
республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Министрліктің функциялары мен құқықтары**

10. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялық  
функцияларды :

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет, бюджетке өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлеуге, сондай-ақ  
тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру  
туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеуге  
қатысуды ;

мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды, Қазақстан Республикасының  
стратегиялық жоспарларын және Қазақстан Республикасының  
әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын, негізгі  
макроэкономикалық көрсеткіштерді әзірлеуге қатысуды;

бюджетке түсімдерді болжауға және мемлекеттік бюджетке кіріс түсімдері  
саласында мемлекеттік саясат мақсаттары мен басымдықтарын анықтауға  
қатысуды ;

заңнама қолдану практикасына талдауды, оны жетілдіру жөніндегі  
ұсыныстарды дайындауды, өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық  
кесімдердің жобаларын әзірлеуді және дайындауды (немесе қабылдауды);

өз құзыреті шегінде мемлекеттік, салалық (секторалдық) бағдарламаларды  
әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз етуді;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін функцияларды:

республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етуді және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуді;

түсімдердің жиынтық жоспарын бекіту мен оған өзгерістер енгізілуін және республикалық бюджетті қаржыландыруды қамтамасыз етуді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыз алуды, пайдалануды, тіркеуді, өтеуді және қызмет көрсетуді, бағалы қағаздарды ұйымдастыру рыногіне олар шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатудың жүзеге асырылуын, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді;

ұтымды үкіметтік және мемлекет кепілдік берген қарыз алуды, сондай-ақ мемлекеттік борыштың басқарылуын қамтамасыз етуді;

келіссөздер жүргізуді, Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыздарының шарттарына қол қоюды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруды, мемлекеттік емес қарыздары бойынша мемлекеттік кепілдіктер беруді ұйымдастыруды;

мемлекеттік кепілдіктермен тартылған үкіметтік қарыздар, мемлекеттік емес қарыздардың және жергілікті атқарушы органдар қарыздарының шарттарына қаржылық сараптама жүргізуді;

республикалық бюджетте көзделген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес инвестициялық жобаларға, мемлекеттік бағдарламаларға және өзге де іс-шараларға кредит беруді;

үкіметтік сыртқы қарыздар туралы келісімдерді бекітуге қажетті құжаттарды дайындауды ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісім бойынша конкурстық негізде үкіметтік қарыздарға мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыздарға және кейіннен үкіметтік қарыз алуға байланысты гранттарға қызмет көрсету үшін екінші деңгейдегі банктерді, бастапқы дилерлерді, лид-менеджерлерді және мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жөніндегі басқа да әріптестерді іріктеуді;

уәкілетті банк-агенттермен бірлесіп республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты өндіріп алу жөнінде түпкі қарыз алушылармен жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді;

түпкі қарыз алушылар мен екінші деңгейдегі банктердің үкіметтік қарыздардың қаражатын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлесіп қаржыландыру үлесін республикалық бюджетке қайтару туралы ішкі кредит келісімдердің жобаларын дайындауды;

республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттердің берілуін, қызмет көрсетілуін және мақсатты пайдаланылуын бақылауды, олардың есебін, мониторингі мен қайтарылуын қамтамасыз етуді;

республикалық бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды;

бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілікті жасауды, сондай-ақ мемлекеттік қаржы және меншік бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптасуы және пайдаланылуы туралы статистикалық есептерді ж а с а у д ы ;

бюджет есебінің жүргізілуін қамтамасыз етуді;  
бюджет жүйесінде бюджеттік және бухгалтерлік есеп пен есептілікті дамытуды және жетілдіруді;

қаржылық бақылау мәселелері бойынша есептілік нысандарын, оны жасау мен берудің тәртібін әзірлеуді;

бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы, оның ішінде өз құзыреті шегінде аудиторлық қызметті лицензиялау саласындағы функцияларды орындауды;

мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіруді және мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырылуы мен өткізілуін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының сақталуын бақылауды қамтамасыз етуді;

салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін және бюджетке түсетін өзге де түсімдерді, міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және уақытылы аударылуын, шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдер бөлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорына аударылуын қамтамасыз етуді;

этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымының мемлекеттік реттелуін және салықтық бақылауды қамтамасыз етуді;

республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есеп пен есептіліктің атқарылуы, жүргізілуі, олардың атқарылуына баға беру, гранттардың , мемлекет активтерінің, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаның пайдаланылуы бөлігінде мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келуін тексеруді қамтамасыз етуді;

республикалық бюджеттің түсімдері мен оны қаржыландырудың жиынтық жоспарларын бекіту және оларға өзгерістер енгізу, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар беру, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді

қаржыландыру жоспарларын жасаудың дұрыстығын мемлекеттік бақылауды және бекітілуін қамтамасыз етуді;

Қазақстан Республикасында кеден ісінің басшылығын жүзеге асыруды және Қазақстан Республикасының кеден және орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген өзге де заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуді; банкроттық саласын басқаруды;

дәрменсіз борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдануды келісу тәртібін а й қ ы н д а у д ы ;

білім беру ұйымдары арқылы сырттан байқау әкімшілерін, оңалту және конкурстық басқарушыларды дайындау ережесін бекітуді;

сырттан байқау әкімшісін тағайындау тәртібін бекітуді; оңалту басқарушысының есеп нысанын және оны келісу тәртібін бекітуді; конкурстық басқарушыны тағайындау, есепке алу және тіркеу тәртібін б е л г і л е у д і ;

конкурстық басқарушының есеп нысанын және оны келісу тәртібін бекітуді; мемлекеттік меншікті басқару және жекешелендіру жүйесін ұйымдастыруды;

мемлекеттік кірістер бойынша мемлекеттік есептілік алымының нысандары мен әдістерін жетілдіруді;

өз құзыреті шегінде жұмылдыру жұмыстары мен мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз етуді;

Министрлік ведомстволарының міндеттері мен функцияларының орындалуын үйлестіру мен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

*Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 333 қ а у л ы с ы м е н .*

11. М и н и с т р л і к т і ң :

мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан және жеке тұлғалардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті ақпараттарды с ұ р а т у ғ а және а л у ғ а ;

өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық к е с і м д е р д і шығаруға ;

Министрліктің қарамағындағы комитеттер мен мемлекеттік ұйымдардың бұйрықтарын, өзге де кесімдерді жоюға немесе тоқтата тұруға;

акционерлік қоғамдардағы мемлекеттік үлеске және республикалық меншіктегі басқа да мүлікке иелік етуге, пайдалануға, сондай-ақ заңнамалық кесімдермен және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларда б и л і к е т у г е ;

Министрліктің қарамағындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыруға;

бюджеттік заңнамада көзделген жағдайларда бюджет қаражаттарын қайтарып алу және қаржыландыруды тоқтата тұруды қамтамасыз етуге;  
жергілікті атқарушы органдардан облыстың, Астана және Алматы қалаларының бекітілген бюджеті туралы жиынтық деректер мен олардың атқарылуы туралы ай сайынғы есептерді, сондай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерден - шығыстар сметаларының атқарылуы туралы ай сайынғы есептерді алуға;  
республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамаларының талаптарының бұзылу себептеріне баға, сондай-ақ бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тиімділігі мен орындылығына баға беруге;  
Министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқығы бар.

### **3. Министрліктің мүлкі**

12. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктің есебінен қалыптасады.

13. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және егер заңнамалық кесімде өзгеше белгіленбесе, оған қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражаттың есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### **4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру**

15. Министрлік пен олардың аумақтық бөлімшелерін қоса алғанда оның ведомстволары Министрліктің бірыңғай жүйесін құрайды.

16. Министрді Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Министрдің орынбасары (орынбасарлары (вице-министрлері) болады. Министрдің орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді.

18. Министр осы мақсаттарда:  
өзінің орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;  
заңнамаға және Қазақстан Республикасы Қаржы министрі бекітетін Министрлік жүйесінің органдары қызметкерлерінің лауазымдар номенклатурасына сәйкес салық және кеден органдарын қоспағанда, оның

ведомстволары аумақтық органдарының басшыларын қоса алғанда  
Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен  
б о с а т а д ы ;

заңнамада белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік  
ж а з а қ о л д а н а д ы ;

Министрдің бұйрықтарына қол қояды;  
өз құзыреті шегінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы  
е р е ж е л е р д і б е к і т е д і ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде  
Министрліктің құрылымы мен штат санын бекітеді;  
қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де  
ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

Қазақстан Республикасының Президентіне кеден органдары қызметкерлеріне  
жоғары басқарушы құрамның арнайы атақтарын беру туралы ұсыным енгізеді.

19. Министрлік қабылдаған шешімдер Министрдің немесе оны ауыстыратын  
тұлғаның бұйрықтарымен ресімделеді.

20. Министрліктің консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы  
болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министрліктің құрылымдық  
бөлімшелері басшыларының қатарынан Министр бекітеді.

21. Министрліктің қызметін ұйымдастырудағы өзге де мәселелер, лауазымды  
тұлғалардың құқықтары мен міндеттері, оның қызметін қамтамасыз ететін  
құрылымдық бөлімшелердің құзыреті мен өкілеттігі Министрліктің жұмыс  
регламентімен және белгіленген тәртіппен бекітілетін құрылымдық бөлімшелер  
туралы ережелермен белгіленеді.

#### **5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан  
Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы  
N 1 1 1 9 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

*Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.24. N 1377 ,  
2005.06.03. N 559 , 2005.09.21. N 937 , 2006.01.06. N 25 , 2007.07.07. N 624  
қаулыларымен.*

"Медетші қор" акционерлік қоғамы  
"Қызмет" акционерлік қоғамы



"Қазақстанның тұрғын үй акционерлік қоғамы құрылыс жинақ банкі"  
"Қаржы жүйесін республикалық мемлекеттік ақпараттандыру орталығы"  
к ә с і п о р ы н ы

"Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамы  
Қазақстандық ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры"  
а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м ы

"Қаржы жүйесі органдарының мамандарын даярлау, қайта даярлау және  
біліктілігін арттыру орталығы" акционерлік қоғамы"

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 1 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған  
кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы № 207 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 8, 59-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 392 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 12, 118-құжат).

3. "Жергілікті қаржы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 шілдедегі № 934 қаулысының 3-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 шілдедегі № 951 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 34, 303-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

5. "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 шілдедегі № 1046 қаулысының 3-тармағының 2) тармақшасы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы № 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 40, 343-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1301 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 403-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы.

8. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 48 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 20-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 наурыздағы N 207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 желтоқсандағы N 1880 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 55, 609-құжат).

10. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1127 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 35. 376-құжат) 6-тармағының 1) тармақшасы.

11. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Медетші қор" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 тамыздағы N 1101 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 392-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

12. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 29, 322-құжат) 1-тармағы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 ақпандағы N 144 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 7, 72-құжат).

14. "Қазақстанның Инвестициялық қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 501 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 23-24, 222-құжат) 5-тармағының 1) тармақшасы.

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1004 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 39, 414-құжат) 1-тармағының 1) тармақшасы.

16. "Қазақстан Эксимбанкі" ашық акционерлік қоғамының және "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамы қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 1267 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 46, 522-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

17. "Инвестициялық компания: Қазақстанның Инвестициялық Қоры", "Қазақстанның Даму Банкі", "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 68 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 2, 34-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

18. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерін қайта атау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 695 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 25, 328-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3 және 12-тармақтары.

19. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 825 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 29, 383-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.